

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ КАФЕДРАСЫ

«ФИЛОСОФИЯ» пәні бойынша

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ КҮЗГІ СЕМЕСТРІ ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ
БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУМЕН**

Құрастырған: Сембаева Г.М. ф.ғ.к., доцент

Алматы, 2025

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

«ФИЛОСОФИЯ»

пәні бойынша

Емтиханның оқу тақырыптары: Қорытынды емтихан тест түрінде универ жүйесінде өтеді. Оның тақырыптық мазмұны жұмыстардың барлық түрлерін қамтиды: дәрістер мен семинар тақырыптары және студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар.

Оқыту нәтижелері:

- философияның тарихи дамуы аясында онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;
- дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;
- дүниетанымды философиялық ойлаудың ерекшелігін түсіну негізінде қалыптасқан табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;
- мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіру;
- этикалық шешімдерді негіздеу және қабылдау үшін қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне, әлеуметтік-мәдени және жеке жағдайларға қатысты өздерінің моральдық ұстанымдарын дәлелдеу;
- зерттеу нәтижелерін ұсыну және талқылау үшін кәсіби саладағы мәселелердің философиялық және аксиологиялық мазмұнын өз бетінше талдау.

Емтиханды өткізу түрі: Қорытынды емтихан кесте бойынша тест түрінде универ жүйесінде өткізіледі. Универ жүйесінде тест тапсыруға - 40 сұраққа 90 минут беріледі. Егер студент тест тапсыру ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады. Балл кою уақыты - 48 сағатқа дейін. «Философия» пәнінен тест сұрақтарының жалпы саны – 300 сұрақ. Солардың ішінде алғашқы 100 сұрақтардың – дұрыс жауаптың 1 варианты бар, келесі 100

сұрақтардың – дұрыс жауаптардың 2 варианты бар және соңғы 100 сұрақтардың - дұрыс жауаптардың 3 варианты бар.

Мысалы - 1-ші деңгейдегі тест:

Сұрақ №1

V2	Материализмге қарсы философиялық ағым:
0	рационализм
1	идеализм
0	эмпиризм
0	сенсуализм
0	агностицизм

2-ші деңгейдегі тест:

Сұрақ №2

V2	Болмыстың жалпы түрлері
----	-------------------------

1	табиғат болмысы
1	рухани болмыс
0	шекті болмыс
0	атомдар болмысы
0	кеңістіктегі болмыс

3-ші деңгейдегі тест:

Сұрақ №3

V2	Гегель диалектиканың заңдылықтары
1	Қайшылықтардың күресі мен бірлігі
1	Сандық өзгерістен сапалық өзгеріске өту заңдылығы
1	Терістеуді терістеу
0	Тезис-антитезис
0	Априорлық - апостериорлық

Емтиханға дайындалуға арналған тақырыптардың тізімі мен қысқаша мазмұны:

1-2 тақырып.

«Философия пәні және ерекшелігі»

Қоғамдағы атқаратын ролі.

Дүниетанымның тарихи түрлері (миф, дін, философия) салыстырмалы талдау». • Философияның пәні. Философиялау немесе философиямен шұғылданудың мәні. Дүниетаным ұғымы. Миф, дін және философия арақатынасы. Философия – білім мен рухани қызметтің ерекше түрі. Философия бөлімдерінің қысқаша сипаттамалары. Философияның тарихи типтері. Ежелгі дүниеден - XIX ғасырға дейінгі философия.

- Философияның негізгі бағыттары, зерттеу әдістері және атқаратын қызметтері. Философиялық білімнің өзіндік сипаты. Дүниенің ғылыми, философиялық және діни суреттемелері. Сыни ойлау – қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы мен ұлттық санасындағы өзгерістер шарты. Қазіргі заман философиясының плюралистік сипаты: сан түрлі философиялық ағымдар мен бағыттардың пайдаболуы.

3 тақырып.

«Болмыс мәселесі. Онтология және метафизика»

«Болмыстың субстанциялық концепцияларын бағалау және онтологияның базалық категорияларын талдау»

Болмыс философиялық категория ретінде. Болмыс ұғымы. Болмыс түрлері. Философия тарихындағы болмыс мәселесі. Материя ұғымы. Дүниенің материалдық бірлігі принципі. Қозғалыс материяның өмір сүру тәсілі. Материя қозғалысының түрлері. Кеңістік пен уақыт материяның өмір сүру формалары. Философияның негізгі ұғымдары: мән,

құбылыс, жеке, жалпы, ерекше, бүтін, бөлік, сапа, сан, өлшем, терістеу, форма, мазмұн, себеп, салдар, қажеттілік, кездейсоқтық, мүмкіндік, шындық.

4 тақырып.

«Философиядағы сана мәселесі»

Сана — адам сезінген және аңғарған ішкі-сыртқы болмыс күйі ретінде. Ол таным, қиял, түйсік, ой, тілдік ұғым және жадыны қамтитын ретінде. Адам миында болатын ерекше құбылыс ретінде ашу. Сананы адамның ең басты артықшылығы адамзаттың бүкіл прогрессінің басында оның санасының прогрессі ретінде Сана құрылымы.

2 Сана мен іс-әрекеттің бірлігі

3 Санасыз

4 Санасыз әрекет

5 Сананың бүлінуі

Санаға қатысты екі негізгі мәселе сана мен дененің байланысы, Дуалистер мен идеалистер сананы физикалық емес түсіндірді ашу. Қазіргі заманғы функционализм – яғни сананы нейрондардың қозғалысы және басқада сана концепциялары туралы. Сана ұғымы философияда адам болмысы тұрғысынан, қоғамдық үдірістердің көрінісі, құбылыс және адамзаттық тарих пен мәдениетті жалғастыруды қамтамас етуші ретінде қарастыру. Сана қоғамдық және жеке «өлшем» бірлігінен көрінуы. Сана арқылы қоғамдағы байланыста жеке адамның белсенділігі.

Сана — өмірде белсенді бола алатын адамның ішкі қабілеттілігі, адамның заттармен байланыс іс-әрекеті, табиғи және мәдени қатынасы, қашықтағы, жақындағы адамдар өзара қатынасы мен қызметі, өзінің мінез-құлық бағытында әдіс-тәсілі ретінде пайдалануы ретінде ашу. Сана түсінігі психика түсінігі; психика ретінде ашу. адамның қоғамдық және мәдени іс-әрекеттерінде өз-өзіне бағытбағдар жасай алуы мен басқара алатын қабілеттілікпен санасы дамуы ретінде Адам санасы, оның қоршаған ортамен байланыс ерекшелігіне қарай, «адамның адаммен, заттармен, табиғатпен қатынас байланыстары түйіскен және жекелеген әрекеттері бекітілген ретінде.

Қазіргі кезге дейін сана және оның табиғаты мен қызметі аз зерттелмеген. Олар жайында әр кезеңнің пәлсапашылары өз ойларын қорытып келу ретінде.

5 тақырып.

«Таным және шығармашылық»

Дүниені танып-білу мәселесі. Гносеология және эпистемология. Гностицизм, агностицизм, скептицизм. Сана мен таным арақатынасы.

Бейнелеу. Танымның көптүрлілігі. Таным мүмкіндіктері мен шекаралары. Дүниенің түбегейлі танылуы мәселесі: танымдық оптимизм, скептицизм және агностицизм. Сезімдік және рационалдық таным. Логика және интуиция. Танымның объектісі және субъектісі. Практика. Таным әдістері. Ақиқат, оның түрлері.

6 тақырып

«Білім, ғылым, техника және технологиялар»

Қазіргі ғылым және оның жетістіктері. Әдіс мәселесі. Ғылыми таным әдістері және ғылыми ақиқат. Білімнің онтологиясы, логикасы, этикасы. Ғылыми және ғылыми емес білімнің демаркациясы мәселесі. Ғылым құндылықтары. Ғылымды білім, қызмет және әлеуметтік институт ретінде қарастыру. Ғылымдағы әдіс мәселесі. Ғылым және техника. Ғылым классификациясы: Аристотель, әл-Фараби, Ф.Бэкон, Г.Гегель, О.Конт. Шоқан Уәлихановтың ғылым философиясы. Қазақстанның үшінші жаңғыруындағы цифрлық технология. «Білімді адам» моделі.

7 тақырып

«Философиядағы адам мәселесі»

«Қазіргі философиядағы адам мәселесін талдау тәжірибесі»

Адам және әлем. Заттар әлемі. Адамды қарастырудағы философиялық тәсілдің ерекшелігі. Шығыс және Батыстық философиялық дәстүрдегі адам мәселесі. Адам анықтамалары. Марксизм, психоанализ және экзистенциализмдегі адам болмысының мәні. Философиялық антропология. Адам және оның әлемдегі болмысы. Іскер адам: прагматизм. Адам символдық жануар: Э. Кассирер. Ойнайтын адам: И. Хейзинга. Бір өлшемді адам: Г. Маркузе. Философиялық антропология XX ғ. (М. Шелер, Х. Плеснер, А. Гелен). Қазақ философиясындағы адам мәселесі. Абай философиясындағы адам бейнесі. Шәкәрім адамның мәні мен мағынасы жайында.

8 тақырып

«Өмір және өлім. Өмірдің мәні»

Адам өмірі басты құндылық ретінде. Адам болмысының категориялары (бақыт, сенім, өмір және өлім). Адам өмірінің мәні мен мағынасы. Классикалық философиялық дәстүрдегі адам өмірінің мәні мәселесі. Қазіргі заман философиясындағы адам мәселесін талдау тәжірибесі Мораль, құқық және саясат. Философия тарихындағы адам өмірінің мәні мәселесі: фатализм, гедонизм, волюнтаризм, функционализм. Эвтаназия мәселесі. Өмірдің мәні –

қазақ философиясының негізгі категориясы. Қорқыт дүниетанымындағы мәңгілік өмір мәселесі.

9 тақырып

«Этика. Құндылықтар философиясы»

Аксиология және адамгершілік. Аксиология теориясы – ұғымы, тарихы, практикалық маңыздылығы. Негізгі этикалық категориялар (парыз, игілік, мән және қажеттілік, ар-ұят, еркіндік). Адамгершіліктің алтын қағидасы (Конфуций) және бұлжымас императиві (И.Кант). Адамгершіліктің бастауларын түсінудің негізгі тәсілдері. Қазақ халқының озық ұлттық этикалық құндылықтарын сақтап, дамыту – қоғамдық сана жаңғыруының алғышарты және негізі. Этикалық дилеммалар: жағдаяттық талдау. Конфуций, Сократ, Аристотель, Кант, Ницше, Абайдың этикасы. Қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты. Қорқыт, Асанқайғы, Абай.

10 тақырып

«Еркіндік философиясы»

Философия тарихындағы еркіндік мәселесі (Б. Спиноза, М. Хайдеггер, Ж.П. Сартр, А. Камю, Н.Бердяев). Ерік еркіндігі. Еркіндік деңгейлері. Оң және теріс еркіндік. Н.Бердяевтің еркіндік философиясы. Еркіндік, әділдік, адамның өмірі мен намысы – адамгершілік- құқықтық құндылықтар. Құқықтың дүниетанымдық мәселелері. Қоғамдағы еркіндік мәселесі

- өз ойын ашық айту, жағымды және жағымсыз еркіндік. Құқықтық- ұнамдылық құндылықтар
- еркіндік, әділеттілік, адамның өмірі мен абыройы. Саяси еркіндік. Еркіндік пен шығармашылық – адамның мәдениетте шын мәнінде өмір сүруінің тәсілі. Абайдың "толық адам" концепциясы.

11 тақырып

«Өнер философиясы»

Философия және өнер. Өнер түрлері. Өнердің мәдени феномен ретіндегі өзіндік ерекшелігі, оның тұлғалық және әлеуметтік қызметтері. Өнер философиясының негізгі категориялары: әлемді эстетикалық қабылдау, еліктеу және елігу; сұлулық, әсемдік, асқақтық, көркем образ, көркем стиль, көркем талғам, символ, мимезис, катарсис. Философия тарихындағы өнерге деген көзқарас. Платон, Аристотель, Кант, Шеллинг өнер болмысы туралы. Қазақ халқының өнер философиясы. Қазақ дәстүрлі музыкасының ерекшеліктері. Күй – қазақ өнерінің бірегей феномені.

12 тақырып

«Қоғам және мәдениет»

Қоғам философиялық пайымдау пәні ретінде. Философия тарихындағы әлеуметтік ой- пікірлер. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Әлеуметтік институттар. Қоғамдық сана феномені: түрлері, құрылымы, мәні. Қоғам түрлері. Дәстүрлі, индустриалды, постиндустриалды, желілік, ақпараттық және тұтынушы қоғамдар. ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамдық санасының жаңғыруының мәні. Мәдениет және өркениет ұғымдары. Рухани және материалдық мәдениет. Элиталық және бұқаралық мәдениет, субмәдениет, контрмәдениет т.б. Философия тарихындағы мәдениет теориялары (З. Фрейд, Н. Данилевский, О.Шпенглер, А.Тойнби, К. Леви-Строс). Қазақтың ұлттық мәдениеті. Қазақтардың ұлттық мәдениеті – қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің негізі және оның "Рухани жаңғыру" жобасы аясында дамуы.

13 тақырып

«Тарих философиясы»

Тарихты философиялық тұрғыдан түсіну мәні. Уақыт түсінігі мен тарих түсінігі арасындағы байланыс. «Миф» уақыты. Тарихтың бағыттылығы: шеңбер бойымен, серпілмелі, сызықтық, локальді. Тарихтың мақсаты және оның мәні. Адамзаттың тарихы: өткені – қазіргі уақыты – болашағы. Философия кезеңдері бойынша тарихты түсіну (Антика; Ортағасыр, Қайта Өрлеу, Ағартушылық кезең; Тарих философиясы: ХVII-ХIX ғғ. философия; Гесиод, Фукидит, Августин, Вико, Гердер, Гегель. Қазіргі заманғы өркениет – ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары. Асан Қайғының «Жерұйық» мәселесінің философиялық мәні. Қазақ философиясындағы тарихи даму мәселелерін талдау. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы жаңару үдерістерінің мәні мен ерекшелігі.

14 тақырып

«Дін философиясы»

Дін ұғымы. Діни сана және діни таным. Діни сенім. Дін анықтамалары. Діни наным- сенімдердің эволюциясы: брахма, дао, логос және теос. Діннің әлеуметтік қызметтері. Діннің алғашқы формалары. Ұлттық, мемлекеттік және әлемдік діндер. Дәстүрлі және дәстүрлі емес діни наным-сенімдер. Философия тарихындағы дін мәселесі. Политеизмді сынау: Ксенофан. Платон мен Аристотель философиясындағы дүниенің бірлігі туралы идеялар. Монотеизмге бетбұрыс. Эпикуршылар мен стоиктердің іліміндегі Құдай идеясы. Ортағасыр мен Жаңа замандағы Құдай туралы идеялар. Діни- философиялық

концепциялар: Ф. Шлейермахер, С. Кьеркегор. Қазіргі заман мәдениетіндегі дін философиясы.

15 тақырып

«Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы

Қазіргі ақпараттық қоғамды философиялық талдау және қазіргі заманның жаһандық талаптарын зерделеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы және «Рухани жаңғыру» жобасы – Қазақстанның тарихи дамуының жаңа векторлары. Рухани жаңғырудың «Бәсекелік қабілет», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» және «Сананың ашықтығы» бағыттарының философиялық мәні мен тарихи маңызы.

Әдебиет:

1. С.Ж Еділбаева, А.Т. Нығметова Философия Оқу құралы Алматы Қазақ Университеті 2014
2. Масалимова А.Р., Алтаев Ж.А., Касабек А.К. Казахская философия. Учебное пособие. – Алматы, 2018
3. Хесс, Реми Философияның таңдаулы 25. — Астана : «Ұлттық аударма бюросы» 2018. — 359 б.
4. Кенни, Энтони Батыс философиясының жаңа тарихы ; 1-т. : Антика философиясы— Астана : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018.. — 407, б.
5. Рассел, Бертран Батыс философиясының— Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы», 2020. — 893, б.
6. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін / Ғылыми ред. Нурышева Г.Ж. – Астана, 2018.— 216 б.
7. Әл-Руайхеб, Халид Ислам философиясы [Мәтін] : оқулық / Х. Әл-Руайхеб, С. Шмидтке; [— Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы» 2020. — 825, б. **Қосымша:**
1. Эдридж, Ричард Өнер философиясы кіріспе : оқулық /— Нұр-Сұлтан : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2020. — 302, [2] б.
2. Армстронг, Карен. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс — Астана : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. — 421, [10] б. : карталар.
3. Медиаэтика Media Ethics at Work : жас мамандардың тәжірибесінен / ред.: Л. Э. Пек, Г. С. Рил ;— Астана : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. — 304 б.
4. Барнард, Алан. Антропология тарихы мен теориясы [. — Астана : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. — 240 б. : схемалар.
- Шваб, Клаус. 5. Төртінші индустриялық революция [— Астана : «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2018. — 198, б.

6. Уоллейс, Патрисия. Интернет психологиясы — Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» 2019. — 355 б.

Борев, Юрий. 7. Эстетика : оқулық / «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2020. — 405, [3] б.

Кітапханалар тізімі

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің электронды кітапханасы <http://elibz/>
2. Қазақстанның ашық университеті. <https://openu.kz/kz/books>
3. Қазақстандық Ұлттық Электронды Кітапхана <http://kazneb.kz/wps/portal/>
4. Библиотека Гумер – гуманитарные науки. <http://www.gumer.info>
- Философский портал. URL: <http://www.philosophy.ru>
5. Электронный сайт «Энциклопедии и словари» <http://enc-dic.com>.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЛАРЫ (Стандартты ауызша/жазбаша формалар үшін)

Пән: Философия

Форма:

Платформа: ИС Univer

№	балл					
	критерий	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
1 сұрақ	1 критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
2 сұрақ	2 критерий					
3 сұрақ	3 критерий					

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6 және т.б.) / К, где % – критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К – критерийлердің жалпы саны.